Әділет

# 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында аудан аумағында Қазақстан Республикасының ер азаматтарын жедел әскери қызметке шақырылу өткізу туралы

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 16 наурыздағы N 87 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде N 13-5-146 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі N 02.09.01-05/374 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 08.04.2013 N 02.09.01-05/374 хаты)

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV ҚРЗ Заңы 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 1-тармағына, 31-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы жедел әскери қызметке кезекті шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін 1, 2-қосымшаларға сәйкес шақыру комиссиясы құрылсын.

3. Ауылдық және селолық округтердің әкімдері әскери қызметке азаматтарды шақыру өткізу кезінде ауданның әскери басқарудың жергілікті органына әскери шақырылушыларды уақытылы жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Наталья Геннадьевна Дышкант әскери қызметке азаматтарды шақыру бойынша іс-шараларға аудандық бюджет есебінен шығындарды уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Аудан әкімі аппаратының басшысы шақыру өткізу кезінде саны 4 бірлік

техникалық жұмыскерлерді және қызмет көрсету персоналы тұлғаларын жұмысқа қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Алтыншаш Жұлдызбекқызы Тайшабаеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірде туындаған құқықтық қатынасқа таралады.

*Аудан әкімі М. Тасмағанбетов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*«Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.Қ. Бидайбеков*

*2012 жылғы 16 наурыз*

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 16 наурыздағы № 87 қаулысына 1-қосымша

## 2012 жылғы көктемде Ғабит Мүсірепов атындағы аудан бойынша шақыру өткізу КЕСТЕСІ

| № р/с | Ауылдық, селолық округтер атауы | барлығы |
|---|---|---|
| 1. | Новоишим с/округі | 98 |
| 2. | Червонный с/округі | 27 |
| 3. | Нежин с/округі | 44 |
| 4. | Ломоносов с/округі | 25 |
| 5. | Дружба с/округі | 12 |
| 6. | Рузаев с/округі | 84 |
| 7. | Андреев с/округі | 14 |
| 8. | Бірлік а/округі | 17 |
| 9. | Новоселов с/округі | 32 |
| 10. | Возвышен с/округі | 16 |
| 11. | Чистопол с/округі | 59 |
| 12. | Тахтаброд с/округі | 36 |
| 13. | Қырымбет с/округі | 9 |
| 14. | Гаршин с/округі | 11 |
| 15. | Шөптікөл с/округі | 16 |
| 16. | Көкалажар а/округі | 8 |
| 17. | Салқынкөл а/округі | 9 |
| 18. | Шұқыркөл с/округі | 17 |

| | | |
|---|---|---|
| | | 534 |

кестенің жалғасы

| Комиссия өту күндері | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 02.04 | 03.04 | 04.04 | 06.04 | 09.04 | 10.04 | 11.04 | 13.04 | 16.04 | 17.04 | 18.04 |
| 6 | 10 | | 14 | 18 | 6 | | 6 | 8 | 16 | 14 |
| | | | | | | | 27 | | | |
| 44 | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | 25 | | |
| | | | | | | | | | | 12 |
| | 40 | | | | 44 | | | | | |
| | | | | | | | | | 14 | |
| | | | | | | 17 | | | | |
| | | | | 32 | | | | | | |
| | | | | | | 16 | | | | |
| | | 47 | | | | | | | | 12 |
| | | | 36 | | | | | | | |
| | | | | | | | | 9 | | |
| | | | | | | | | | 11 | |
| | | | | | | 16 | | | | |
| | | | | | | | | 8 | | |
| | | | | | | | | | 9 | |
| | | | | | | | 17 | | | |
| 50 | 50 | 47 | 50 | 50 | 50 | 49 | 50 | 50 | 50 | 38 |

**Ескерту:** тексеруден қайтып келген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы аптасына бір рет сәрсенбі сайын. Көктемгі шақыру – 2012 жылғы 30 маусымға дейін, күзгі шақыру - 2012 жылғы 30 желтоқсанға дейін жүргізіледі.

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 16 наурыздағы № 87 қаулысына 2-қосымша

## 2012 жылғы күзде Ғабит Мүсірепов атындағы аудан бойынша шақыру өткізу КЕСТЕСІ

| № р/с | Ауылдық, селолық округтер атауы | барлығы |
|---|---|---|
| 1. | Новоишим с/округі | 92 |
| 2. | Червонный с/округі | 17 |
| 3. | Нежин с/округі | 32 |
| 4. | Ломоносов с/округі | 36 |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Дружба с/округі | 15 |
| 6. | Рузаев с/округі | 56 |
| 7. | Андреев с/округі | 12 |
| 8. | Бірлік а/округі | 19 |
| 9. | Новоселов с/округі | 27 |
| 10. | Возвышен с/округі | 17 |
| 11. | Чистопол с/округі | 63 |
| 12. | Тахтаброд с/округі | 42 |
| 13. | Қырымбет с/округі | 7 |
| 14. | Гаршин с/округі | 13 |
| 15. | Шөптікөл с/округі | 12 |
| 16. | Көкалажар а/округі | 7 |
| 17. | Салқынкөл а/округі | 15 |
| 18. | Шұқыркөл с/округі | 21 |
| | | 503 |

кестенің жалғасы

| Комиссия өту күндері | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 01.10 | 02.10 | 03.10 | 05.10 | 08.10 | 09.10 | 10.10 | 12.10 | 15.10 | 16.10 | 17.10 |
| 18 | 20 | 10 | 8 | 18 | 10 | | 8 | | | |
| | | | | | | | 17 | | | |
| 32 | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | 36 | | |
| | | | | | | | | | | 15 |
| | 30 | | | | 26 | | | | | |
| | | | | | | | | | 12 | |
| | | | | | | 19 | | | | |
| | | | | 27 | | | | | | |
| | | | | | | 17 | | | | |
| | | 33 | | | | | | | | 30 |
| | | | 42 | | | | | | | |
| | | | | | | | | 7 | | |
| | | | | | | | | | 13 | |
| | | | | | | 12 | | | | |
| | | | | | | | | 7 | | |
| | | | | | | | | | 15 | |
| | | | | | | | 21 | | | |
| 50 | 50 | 43 | 50 | 45 | 36 | 48 | 46 | 50 | 40 | 45 |

**Ескерту:** тексеруден қайтып келген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы аптасына бір рет сәрсенбі сайын. Көктемгі шақыру –

2012 жылғы 30 маусымға дейін, күзгі шақыру - 2012 жылғы 30 желтоқсанға дейін жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК